

"Қазақстан алюминийі" акционерлік қоғамының Торғай боксит кен басқармасы құрылымдық бөлімшесі бойынша салықтарды есептеудің тәртібі туралы мәселеге

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 26 қыркүйек N 1375

Арқалық қаласының бюджеті мен экономикасын қолдау мен сауықтыру мақсатында , реформалардың салмағын аймақтардың деңгейіне көшіру мен шағын және орташа қалаларды сауықтыруды ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан алюминийі" акционерлік қоғамы "Торғай кен

басқармасы" бөлімшесі бойынша заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын Арқалық қаласының бюджетіне аударуды жүргізсін.

2. Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы сомасының есебі үш көрсеткішке: еңбекақыға, негізгі қорлардың құнына және өндіріске кететін шығынға сүйене отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы